

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 және 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 наурыз N 434. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен. ~P980353

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жеке құрамы және оның өкілеттіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 3236 N963236_ өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 P951520_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережеде (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы , 1995 ж., N 35, 449-құжат);

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіруге қатысты объектілер бойынша Ақмола қаласының аумағында мыналарды ұйымдастырады;

жобалау-іздігіру жұмыстарына сараптама жүргізу;

құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына, құрылыс материалдарының, өнімдері мен конструкцияларының өндірісіне бақылау жасау;

жобалау-іздігіру, сараптама, құрылыс-монтаж жұмыстарын және құрылыс материалдарын, өнімдері мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстарды лицензиялау";

11-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіруге қатысты объектілер бойынша Ақмола қаласының аумағында жобалау-іздігіру жұмыстарына сараптама жүргізуді, құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына, құрылыс материалдарының, өнімдері мен конструкцияларының өндірісіне

бақылауды және жобалау-іздестіру, сараптама, құрылыс-монтаж жұмыстарын және құрылыс материалдарын, өнімдері мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстарды лицензиялауды ұйымдастырады";

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_

қаулысына 1-қосымшада

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат);

6 реттік номер, 3-баған "құрылыс материалдарын, өнімдері мен конструкцияларын өндіру бойынша жұмыстар" деген сөздерден кейін "жоғары және орталық мемлекеттік органдарды көшіруге қатысты Ақмола қаласының аумағындағы объектілерді қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

30-реттік номері, мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"30. Қазақстан Республикасының жоғары және орталық Жоғары және орталық мемлекеттік мемлекеттік органдарды органдарды Ақмола қаласына Ақмола қаласына көшіруге көшіру жөніндегі мемлекеттік қатысты объектілер комиссиясы бойынша Ақмола қаласының аумағында жобалау-іздестіру, сараптама, құрылыс-монтаж жұмыстары және құрылыс материалдары, өнімдері мен конструкцияларын өндіру жұмыстары".

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК